

ҚХР ІШКІ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМЫТУДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ



ҚЫТАЙ – 2020 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША, КОРОНАВИРУСТЫҚ ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ЭКОНОМИКАСЫ 2,3% ОҢ ӨСІМ КӨРСЕТКЕН ЖАЛҒЫЗ МАМЛЕКЕТ.

2020 жылдың 4 тоқсанының аяғында, бұл ел «Covid дейін» өсу деңгейіне орала алды. Мәселен, егер 2020 жылдың бірінші тоқсанында ЖІӨ жылдық есептеуде 6,8%-ға қысқарса, екінші тоқсанның өзінде өсу қарқынына 3,2%-ға, үшінші тоқсанда – 4,9%-ға, төртінші тоқсанда – 6,5%-ға орала алды. 2020 жылы ЖІӨ көлемі 101,59 млрд юань (15 трлн АҚШ долл. астам) құрады. ҚХР Үкіметі 2020 жылдың басында короновирустық инфекцияның таралуына жол бермеу үшін қатаң шектеу шараларын уақтылы енгізді және экономиканы қолдауға және қалпына келтіруге бағытталған бірқатар дағдарысқа қарсы шараларды қабылдады. ХВҚ-ның «Әлемдік экономиканың даму перспективалары» (сәуір, 2021) жаңартылған болжамына сәйкес Қытайдағы экономикалық өсу ағымдағы жылы 8,4% деңгейінде, 2022 жылы 5,6%-ға төмендеумен күтілуде.

Сонымен қатар, оң сәттерге қарамастан, ағымдағы жылы ҚХР экономикасының қалпына келуі негізінен медициналық жабдықтарға, жеке қорғаныс құралдарына, тұрмыстық электр құрылғыларына, автоматтандырылған жабдықтарға және т.б. сұраныстың артуына байланысты сыртқы сұраныс есебінен жүреді. ***Ел ішіндегі бөлшек сауда баяу қарқынмен қалпына келтірілуде, бұл ішкі тұтырудың әлсіздігін көрсетеді.***

2021 жылғы наурызда 14-ші бесжылдықтың жоспарлары бекітілді және ҚХР-дың 2035 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясының бағдарламалары жария етілді. **Алдағы кезеңнің басты бағыты – ҚХР экономикасының өзгеруі және сандықтан – сапалы дамуға көшу.**

14-ші бесжылдық даму жоспарының **13-ші бесжылдықтан түбегейлі айырмашылығы** – онда **ЖІӨ-нің өсуі бойынша нақты нысаналы көрсеткіштер ұсынылмауында**. Ағымдағы 2021 жылға ЖІӨ өсімінің болжамды көрсеткіші 6% деңгейінде берілген.

ҚХР үкіметі өткен жылдың соңында «қосарланған өңдеу» немесе «қосарланған айналым» (Dual circulation strategy, DCS)¹ бағдарламасын қабылдады – бұл өсудің негізгі факторы ретінде елдегі ішкі сұранысты ынталандыруға бағытталған экономикалық дамудың жаңа парадигмасы.

Сонымен бірге, қытай соңғы онжылдық ішінде, 2008-2009 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысы кезеңінен бастап өзінің ішкі резервтеріне сүйене отырып, экономиканы қайта құруға тырысып жатқанын атап өткен жөн.

14-ші бесжылдық жоспардың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу көп жағдайда бес жылдық кезеңнің базалық негізі ретінде ағымдағы 2021 жылдың қорытындыларына байланысты. Осылайша, ағымдағы кезеңнің жедел міндеттері экономикалық белсенділікті арттырумен және таяудағы бесжылдықтың мақсаттарына қол жеткізу үшін жақсы базаны қалыптастырумен байланысты болады.

¹ Президент Си Цзиньпин бұл идеяны алғаш рет 2020 жылдың мамыр айында, Саяси Бюро отырысында ұсынды.

1-кесте. ҚХР дамуының 2021 жылға арналған негізгі стратегиялық болжамды көрсеткіштері

Мақсаттар, р/с	Көрсеткіш	Индикатор
1	ЖІӨ өсімі	6%-дан жоғары
2	Қалаларда жаңа жұмыс орындарын құру	11 млн. астам
3	Тұтыну бағаларының индексі	шамамен 3%
4	Қалалық жерлердегі жұмыссыздық деңгейі	5,5%
5	Астық өндіру	650 млн. тоннадан астам
6	Бюджет тапшылығының көрсеткіші	3,2%
7	Ластаушы заттардың шығарылуын қысқарта отырып, ЖІӨ бірлігіне энергия тұтынуды азайту	3%-ға дейін
8	R&D өсу қарқыны	7%-дан жоғары
9	Жергілікті билік органдарының арнайы облигациялары	3,65 трлн юань
10	Сауда байланыстарының және сыртқы сауда айналымы көлемінің сапасын арттыру және төлемдер теңгеріміне қол жеткізу	-
11	Халықтың жеке табысын арттыру	-

Таяу кезеңде, үкіметтің негізгі міндеті тұтынушылық сұранысты қалпына келтіруді қолдаудың макроэкономикалық шараларын дұрыс теңдестіру және жұмыссыздықтың өсуі, әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі сияқты пандемияның ұзақ мерзімді салдарын шешу болып табылады.


Қытай экономикаға қажетті ақша-кредит қолдауын көрсетуді жалғастырады және ынталандыру шараларын күрт қысқартқысы келмейді. Әзірге ҚХР Орталық Банкі экономиканы қалпына келтіру және тұрақты юань бағамын сақтау үшін өтімділікті жеткілікті жоғары деңгейде ұстап тұруды басты міндет деп санайды. Ол Сыртқы қарыз алуды азайту және ішкі кредит беру көлемін реттеу бойынша жұмыс істейтін болады. Жоспарланған сандық юаньді енгізу ішінара қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етумен байланысты.

Қытайдың салық-бюджет саясаты ағымдағы жылы «орташа белсенді» болады деп күтілуде. Үкімет борыш жүктемесін салыстырмалы түрде тұрақтандыруға қол жеткізу міндетін қойып отыр. Осылайша, үкімет бюджеттен тыс қызметпен ұштастыра отырып, барлық деңгейлерде жинақталған мемлекеттік борыштың жоғары деңгейін ескере отырып, бюджет шығыстарын бақылауы қажет. Экономика қалпына келген сайын фискалдық ынталандыру азаяды.

Қытай ашықтық саясатын ұстанады және шетелдік инвестицияларды көбірек тартуға ниетті. Бұған 2019 жылы қабылданған және 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген шетелдік инвестициялар туралы жаңа заң, шетелдік инвесторлардың мүмкіндіктерін кеңейту және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету дәлел бола алады.

ҚХР басшылығының негізгі міндеттерінің бірі **тұтынушылық шығындарды ынталандыру** болып табылады, бұл қазіргі жағдайда **біршама күрделі міндет** болып табылады. Тұтынудың өсуіне кедергі келтіретін бірқатар факторларды бөліп көрсетуге болады.

- Біріншіден, пандемия мен коронавирустық жағдайдың болашақ дамуына қатысты түсініксіздік жағдайында ел халқы шығындарын азайтып, жинақ көлемін арттыра бастады.



Unit: trillion yuan

Source: the People's Bank of China

1-сурет. Үй шаруашылықтарының банктік депозиттердегі жинақтарының өсуі, 2019-2020 жж.

- Екіншіден, тұтастай алғанда, қытай қоғамы тұтынудан гөрі қаражат пен жинақ үнемдеуге бейім. Тағы бір себеп – әлеуметтік қорғаудың төмен деңгейі.
- Үшіншіден, Қытайдағы тұтынудың төмен деңгейінің себептерінің бірі – үй шаруашылықтарының кірістерінің өсу қарқынының төмендігі.
- Төртіншіден, соңғы онжылдықта Қытайдың ішкі сұранысының өсуінің басты драйвері ұзақ жылдар бойы жүргізілген тұрғын үй мен коммерциялық жылжымайтын мүліктің жаппай құрылысы болып қала береді. Жылжымайтын мүлік нарығының қызып кету қаупі жоғары. Сондықтан ішкі нарықтардағы тұрақтылықты сақтаудың маңызды шараларының бірі ҚХР 2017 жылдан бастап белсенді түрде енгізіп келе жатқан тұрғын үй нарығында қатаң шектеулерді қолдану болып табылады.